

С.Мұхамеджанов атындағы балалар өнер мектебінен құралған
Нұра ЖББ мектебінің «Жас домбырашылар» үйірмесінің
2021-2022 оку жылының 1 жылдық
мәтіндік есебі

Нұра ЖББ мектебі «Жас домбырашылар» үйірмесінің атқарған жұмыстары.

Домбыра-қазақ халқының ертеден келе жатқан қос ішекті музикалық аспабы.

Домбыра аспабының дәстүрлі үлгілерін халықтың дәстүріндегі перне байлау, домбыра баптау, күй ойнау, домбыра жасау С.Сарыбайев, Б Орынбеков, Т Әсемқұлов, А Сейдімбек, Д Шоқпарұлы т.б еңбектерін кездестіреміз. Домбыра құрлымдық сапалық дәрежесінің кемел деңгейге жету барысында бүгінге дейін бірнеше сатыдан өтті.

Жас домбырашылар үйірмесінің ұраны Нагыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра!

1. Үйірменің мақсаты:

Оқушыларға домбыра аспабын ойнау шеберлігін кәсіби дұрыс менгерту, қазақ халқының ұлы күйшілерінің, сал серілердің өнерлерімен танысу. Домбырада қолданылатын штрихтар, әдістерді менгерту. Сахнаға шығу, өзін өзі ұстау мәдениетін үйрету.

- Ұлттық аспабымыздың тәрбие құралы ретінде пайдаланып, сол арқылы ұлттық салт-дәстүрлерімізді насиҳаттау.

- Асыл мұрамызды құрметтеуге, өнерсүйгіштікке баулу, отансүйгіш, ұлтжанды, жан-жақты дамыған жеке тұлға етіп тәрбиелеу.

- Талапкер өнерпаз қауымның домбыра тартуды менгеріп, музикалық сауаттылығын арттырып, эстетикалық талғамын өсіру;

- Ұлттымыздың болашағының жарқын болуына атсалысу;

- Еліміздің болашағы - жастардың өздеріне деген сенімдерін нығайту;

- Мәдениеттану, өнертану мамандықтарына баулу, ұлттық өнерімізді дамыту бағытындағы мамандықтарға бейімдеу;

2. Үйірменің міндеті: Оқушыларды қазақ халқының тіліне, салт-дәстүріне, тарихына, мәдениетіне, рухани қасиеттеріне құрмет сезімін ояту. Халқына деген құрмет және мәдени мұраларын қастерлеуге бағыттау.

Нұра жалпы білім беру мектебінде үш буыннан құралған «Жас домбырашылар» кіші топтың үйірмесінің орындауындағы туынды «Еркем-ай»-ыні.

Орта буынның орындауында халық күйі «Би» күйін және де, үлкен буынның орындауындағы туынды халық күйі «Келіншек» күйін үйренді. Үйірменің ұйымдастырылғанына көп уақыт болмаса да, үйірменің бағыт бағдары мен мақсаты зор.

Талапқа жас буынга тәжірибелі домбырашы Алибекова Нургуль Бейсенбайқызының үғыныкты үйретуі мен дамыту дәрістерінің нәтижесінде осындай қысқа мерзімде, белгілі бір деңгейде алғашқы мүмкіндіктерді менгеріп алғандығы куантады.

Шәкірттермен домбыра үйрену барысында



Демек үйрімеге қатысушыларды ең алдымен мәдениеттілік пен эстетикалық тәрбиеге және тәртіпке үйретеміз.

«Карты бар үйдің, қазынасы бар» демекші ауылымыздың карт әжесіне барып шәкірттерім күй орынданап берді.



Нұра жалпы білім беру мектебінде Ақындар айтысы ұйымдастырылды айтысқа 5-7 сынып аралығында қатысты, айтис өз мәнінде болды.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесіне орай шәкірттерім күй орынданап, домбырамен ән орыннады.



Шет аудандық мәдени- сауық орталығының ұйымдастырумен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Қарағанды облысының 85жылдығына орай аудандық «Арқа үні»фестивалінде «Жас талант»байқауына катысып Әліп Томирис пен Тұрсынбай Нұрдәulet алғыс хатпен марапатталды.




Дина Нұрпейісованың туылғанына 180жыл толуына байланысты танымдық сабак өткізілді. Күйшінің өмірбаяны жайлы әнгімелеу, эстетикалық қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын молайту, дүниетанымын кеңейту. Өнер адамын құрметтеуге тәрбиелеу.



Балалар біздің болашағымыз сондықтан олардың жан-жақты тұлға болып ұалыптасуы үшінбілім мен қатар өнерге баулу әрбір ата-ананың борышы әрі парызы екендігі ақиқат. Әліде келесі жылы жарыстарға қатысамыз деген ойдамыз.

Ұлыстың ұлы күніне орай «Әз,Наурыз» атты шағын іс-шара өтті. КСРО Халық әртісі, Халық қаһарманы Роза Бағыланованың 100жылдық мерей тойына орай «Қазақ ән әлемінің падишасы» атты аудандық ән байқауында 9-12 жас ерекшелігі бойынша Абильдина Аяулым 2 орын иеленсе,Мұратұлы Дінмұхамед 3- ші орынды иеленді.



Балалар арасында өткізілген Республикалық онлайн «Қыстың күйі көңілді» сайысы аясында «Тәуелсіздігімізге 30жыл» толуына орай «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қоры тарапынан ән номинациясы бойынша 8-9 жас аралығына 1 орын иеленді.



ADEBI.KZ электронды ақпарат, білім сайты ұйымдастырылған жалпы республикалық байқауға қатысып «Елімнің патриотымын» атты ән номинациясы бойынша 2 ші орын иеленді.



«Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне жазылған әндерден және ақынның өлеңдерін оқудан II Халықаралық өнер байқауында «Жас домбырашылар» үйірмесі III дәрежелі лауреат атанды.



Кеншілер мәдениет сарайы Балалар жылына арналған облыстық «Тұған еліме мың алғыс»атты балалар арасында өткен патриоттық әндер байқауына қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.



«Наурыз көктем»атты Республикалық балалармен жасөспірімдер арасындағы Өнер Байқауы «аспапта ойнау» номинациясы бойынша Жас домбырашылар үйірмесі III орын иеленді.

Ұлы женістің 77 жылдығына арналған 4 Республикалық «Желбіре, женіс жалауы!» атты шығармашылық байқауына «Аспапта орындаушылық» номинациясы бойынша

1 орын «Жас домбырашылар» иеленді. Әліде келесі жылы жарыстарға қатысамыз деген ойдамыз.

Үйірме жетекшісі: Алибекова Н.Б